

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Сөз құрамы. Түбір мен қосымша

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/30351/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | |
|--|--|
| Пәні: қазақ тілі | Мұғалімнің аты-жөні: Сейтмагамбетова А.Н |
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі | Дені саудың жаны сау |
| Күні: | Қатысқандар саны: |
| Сынып 2 | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Сөз құрамы. Түбір мен қосымша |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы/пайдасыз болды, себебі ... т.б.) білдіру |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтай алу Көпшілігі тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрай білу Кейбір оқушылар аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы/пайдасыз болды, себебі ... т.б.) білдіру |
| Тілдік мақсат | Оқушылар: сөз және құрамы туралы түсінеді Негізгі сөздер мен тіркестер: түбір мен қосымша Жазылым бойынша ұсыныстар: қазақ тілі 37-45 жаттығулар |
| Бағалау критерийлері | Мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырата алады Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрай алады Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтай алады |
| Құндылықты дамыту | Мәңгілік Ел, бұл - Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің Отанымыз бір, ол - Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір - тағдырымыз ортақ. |
| Пәнаралық байланыстар | Дүниетану, әдебиеттік оқу, музыка |
| АКТ қолдану дағдысы | Ноутбук. |
| Бастапқы білім | Түбір мен қосымша туралы түсінік |
| Сабақ барысы | |
| Жоспарланған уақыт | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет |
| | Ресурстар |

| | | |
|---|---|--|
| <p>Сабақтың басы 3 мин Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</p> <p>«Ыстық орындық» әдісі ҚБ 5 мин</p> | <p>Психологиялық ахуал <i>Мейірімді жүрекпен, Ақпейілді тілекпен, Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық!</i></p> <p>«Құттықтау хаттары арқылы» топқа бөлінеді. Оқушыларды құттықтау хаттарын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады.</p> <p>Үй тапсырмасының орындалуын тексеру Өтілген материалдар бойынша оқушыларға өзара сұрақтар қойдыру.</p> | |
| <p>Сабақтың ортасы/ Сабақтың негізгі бөлімі 20 «Поэзия минуты» әдісі Жеке жұмыс ҚБ</p> <p>Топтық жұмыс ТБ</p> <p>Жұптық жұмыс «Бірге ойлаймыз» ойыны ҚБ</p> | <p>*Бүгінгі сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарын түсіндіру 38- жаттығу. Өлеңді түсініп, мәнерлетіп оқыту. Пайдалы Жаяу жүрген пайдалы, Жүзің жарқын, жайдары. Жуымайды ешқандай Ауру-сырқау қайдағы. Жаяу жүрген пайдалы, Жүзің жарқын, жайдары. Аралауға шақырар Туған өлке аймағы. <i>Есентай Ерботин</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Өлең неліктен «Пайдалы» деп аталған? • Өлеңнің мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көр. • Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат. | <p>Оқулық Жұмыс дәптерлер</p> |
| | <p>39.-жаттығу Дескриптор: Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды табады. Мәтінді сауатты көшіріп жазады. Мектеп... шахмат үйірме... бар. Біз сол үйірме... қатысамыз. Біз шахматтан болған жарыс... бірінші орын алдық.</p> <p>40-жаттығу Дескриптор. Бұлттардағы буындар мен сөздерден жұмбақ құрап жазады. Жұмбақтың шешуін табады Жұмбақтың шешуі болған сөзді сөз құрамына талдайды.</p> <p>Ширату жаттығуы</p> <p>41-жаттығу Мәтінді түсініп оқы • Қалай ойлайсың, олар <i>көл</i> және <i>көлшік</i> сөздері үшін неліктен айналысты? Дескриптор: Мәтінді түсініп оқиды. Балалардың айтысу себептерін түсіндіреді Көл ,көлшік сөздерін сөз құрамына талдайды.</p> | <p>Қазақ тілі жұмыс дәптерлері №2</p> <p>Бұлттардағы буындар кестесі А/ парақтары маркер</p> |
| <p>Сергіту сәті 1 мин</p> <p>Сабақтың соңы 7 мин «Топтас, бөліс» әдісі Топтық жұмыс ТБ, ҚБ</p> | | <p>Ноутбук</p> |

| | | |
|---|---|---|
| Кері байланыс 2 мин | | стикерлер |
| Бағалау 2 мин | ҚБ | |
| Үйге тапсырма 1 мин | 42-жаттығу Сөздерді көшіріп жазу Сөз құрамын ажырату | |
| Саралау — оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау — оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы. |

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақтың мақсаттары / оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?
Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?
Сабақтың уақыттың кезеңдері сақталды ма?
Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы бағалау

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі. (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады. (Оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік / қиындықтары нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.